

## ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕН ЕРІ – ҒАНИ ОМАРОВ (60 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ)

Д.С. Байгунаков, Г.Е. Сабденова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
e-mail: dosbol\_bs@mail.ru

Белгілі де белді археолог Ғани Қалиханұлы Омаров ағымдағы жылдың 2-ші тоқсанында мерейлі 60 жасқа толып жатыр. Оның өмірі мен ғылыми-педагогикалық қызметі өскелең ұрпаққа үлгі болары сөзсіз деуге болады.

Ғани Қалиханұлы Омаров 1961 жылы 3 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы Горное ауылында (қазіргі Күршім ауданы Ақбұлақ ауылы) дүниеге келген. 1978 жылы Қалжыр орта мектебін үздік тәмәмдаған. Мектепті бітірген соң еңбек жолын ұстаздық жұмыспен бастайды. Прииртыш кентіндегі сегіз жылдық мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып орналасады. 1979 ж. В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті) құрылыс факультетіне оқу түседі. Кейіннен бұл факультет Алматы сәулет-құрылыс институты құрамы болып бөлініп шығады. Оны Ғ.Қ. Омаров 1984 жылы бітірген болатын. Институтты тәмәмдағаннан соң Қазақ өндірістік құрылыс жоба ғылыми-зерттеу институты (КазПромстройНИИпроект) мекемесіне жұмысқа орналасады. Сонымен қатар 1984 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультеті сырттай оқу бөлімі студенті атанады. 1984-1986 жылдары Кеңестік армия қатарында әскери борышын өтейді. 1986-1989 жылдары Баскүрішкеншарқұрылыс (Главриссовхозстрой) және Жөндеу құрылыс техникасы (Ремстройтехника) мекемелерінде инженер қызметін атқарады. 1989 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ Археология және этнография кафедрасына аға инженер болып жұмысқа орналасады.

Міне, осы кезден бастап Ғани Қалиханұлы Омаров өмір жолын аталған кафедрамен тығыз байланыстырады. 1989 жылдан бастап Ғ.Қ. Омаров бірнеше археологиялық экспедицияларға қатысады. 1992 жылы ол тарих факультетіндегі оқуын тәмәмдап алады. Бастапқы кезде кафедрада 1993 жылға дейін аға инженер, кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. Осы кездері

кафедра ұстаздарымен (Ә.М. Оразбаев, Н.О. Алдабергенов, У.Х. Шәлекенов, М. Елеуов, Ә.Т. Төлеубаев, т.б.) етене араласып, археология ғылымының қыр-сырын теориялық-практикалық тұрғыдан толыққанды меңгерді. Кейіннен 1993 жылы ассистент қызметіне ауысады. Құрылыс-сәулет институтында жүріп жинақтаған сызу, сызба жұмыстарынан қалған тәжірибесі археолог болып қалыптасуына, бұл мамандықты еркін меңгеруіне мол септігін тигізді. Ол 1995-1997 жылдары «Археология» мамандығы бойынша аспирантурада оқыды. Ұстаздық ете жүріп Шығыс Қазақстан және Семей облыстары аумақтарындағы көптеген археологиялық экспедициялардың жұмыстарына қатысып, қола және ерте темір дәуірлері археологиясына мамандана бастады. Аспирантураны аяқтағаннан соң оқытушылық қызметін қайта жалғастырады. Одан бергі уақыт ішінде ол кафедрада ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент болып қызмет атқарды.

Ғани Қалиханұлы Омаров археология ғылымы саласының қыр-сырына үңілу мақсатында көптеген археологиялық экспедициялардың далалық жұмыстарына қатысқан. Атап айтсақ, олардың арасында ҚазҰУ археологиялық отряды, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археологиялық экспедициясы, Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы, Шілікті археологиялық экспедициясы, Қазақ-француз біріккен археологиялық экспедициясы, Қазақ-Ресей біріккен археологиялық экспедициясы, Берел археологиялық экспедициясы, Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы, Үйгентас археологиялық экспедициясы, Ойжайлау археологиялық экспедициясы, т.б. бар. Өзі кейде жекелеген отрядтар басқарды, экспедиция жетекшісінің орынбасары болды. Экспедиция жетекшісі ретінде олардың бірнешеуін (Алтай археологиялық экспедициясы, Үржар археологиялық экспедициясы, т.б.) ұйымдастырып, өзі дербес басқарып та келеді.

Ұзақ жылдар бойы жинақтаған ғылыми ой-пікірлерін Ғани Қалиханұлы Омаров 2010 жылы қорытындылап, өз ізденісін тарих ғылымдарының

кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация түрінде ұсынды. Оның «Алтай-Тарбағатай аралығындағы ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері (кезеңделуі, мерзімделуі және мәдени атрибуциясы)» тақырыбындағы диссертациясында аталған өңірдегі археологиялық ескерткіштердің зерттелу тарихы, кезеңделуі мен мерзімделуі, мәдени атрибуциясы, өзіндік даму ерекшеліктері, іргелес мәдени-тарихи өңірлермен байланысы, ерте темір дәуіріндегі тайпалар мен халықтардың мәдени қарым-қатынасы қарастырылды. Зерттеуші өз ғылыми ізденісінде Алтай-Тарбағатай аралығындағы ерте темір дәуірінің археологиялық тұрғыдан зерттелу тарихын бір ізге түсіріп берді; маймер, берел, құлажорға, үйсін кезеңдерінің ескерткіштерін ғылыми талдаудан өткізді; аймақтағы археологиялық мәдениеттері мен ескерткіштерінің кезеңделуін, мерзімделуін нақтылап, мәдени атрибуцияларына талдау жүргізді. Ең басты ғылыми жаңалығы сол: Ғ.Қ. Омаров жекелеген «Шілікті археологиялық мәдениеті» жайлы сөз қозғады да, оны дербес «археологиялық мәдениет» деген тұжырым жасады.

Ерте темір дәуірі археологиясына мол үлес қосып келе Ғ.Қ. Омаров Алтай мен Тарбағатай аумағындағы бұл тарихи-мәдени дәуірдегі алғашқы кезеңнің ескерткіштері сыртқы келбеті, жерлеу дәстүрі бойынша ерекшеленеді, сонымен қатар қабірден алынған ақыреттік заттарында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды деп те есептейді. Ол сонымен қатар Алтайдағы ескерткіштерді қалдырушы тайпалардың өнерінен Тарбағатай ерте көшпелілерінің мәдениетіне ұқсамайтын ерекшеліктердің де байқалатындығын айтады.

Жыл сайын Ғ.Қ. Омаров түрлі археологиялық экспедициялардан олжалы оралып отырды. Солардың арасынан бірнеше жарқын ескерткіштерді атап кетуге болады. Әлбетте, бірінші кезекте Шығыс Қазақстан өңірі Шілікті жазығындағы 2003 жылғы құнды жәдігерлерді атаған ләзім. Мұндағы Бәйгетөбе қорғанынан профессор Ә.Т. Төлеубаев басқарған археологиялық экспедиция ерте сақ заманының «алтын адамға» барабар бірегей туындыларын тапқан болатын. Археолог Ғ.Қ. Омаров экспедиция жетекшісінің орынбасары ретінде шілікті «адамының» қазылып, зерттелуіне мол үлесін қоса білді. Сонымен қатар кейінгі жылдары табылған Бесоба қорымы материалдары өзіндік бірегейлігімен ерекшелінеді. Оның материалдары Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық музейде экспозициялануда.

Сонымен қатар, Ғ.Қ. Омаровты қола дәуіріне және ортағасырлық археологияға да өзіндік

үлесін қосқан зерттеуші ретінде де атап кеткен абзал. Себебі оның бастапқы кездегі бірнеше ғылыми еңбектері негізінен қола дәуіріне арналды. Бұған оның «далалық» ұстазы атақты археолог Ә.М. Оразбаевтың ықпалы өзіндік әсерін тигізді дей аламыз. Кейінгі жылдардағы ізденістерінде орта ғасырлар археологиясы бойынша жарқын ашылулар жасай алды. Солардың бірі – Аян қорымы. Бұл ескерткіштен қимақ дәуіріндегі заттар табылып, қалпына келтірілді. Олардың көшірмелері Қ. Алтынбеков тарапынан қалпына келтіріліп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасына, Ұлттық музей экспозициялық залына, т.б. жерлерге қойылды.

Бүгінгі күні Ғ.Қ. Омаров 200-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік ізденістердің, энциклопедиялық басылымдардың авторы болып табылады. Соның ішінде жеке өзі және авторлық ұжыммен бірге 7 монография мен 8 әдістемелік оқу құралын шығарған, 30-дан астам типтік бағдарламаларға автор болған. Бірқатар еңбектері Скопус базасындағы ғылыми журналдарда жарияланды. Ол Румыния, Түркия, БАӘ, ҚХР, Өзірбайжан, РФ, т.б. елдердегі халықаралық ғылыми конференциялар жұмысына қатысып, отандық археологияның проблемаларын қаузаған.

Сайып келгенде, Ғ.Қ. Омаров қола дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырлар аралығындағы жерлеу ғұрыптық ескерткіштерді зерттеуге мол үлес қосып келе жатқан маман болып табылады. Ол отандық археологияда жүздеген тың ескерткіштердің (жекелеген қорғандар, қоршаулар, қорымдар, жартас суреттері, ортағасырлық қалалар, т.б.) табылуына, біртіндеп ғылыми айналымға енгізіле бастауына атсалысып келеді.

Осы аралықта оның еңбегі университет пен ҚР БҒМ тарапынан үнемі жоғары бағаланып отырды. Ол бірнеше мақтау қағаздарының иегері болды. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2014 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын иемденді. 2016 жылы университет басшылығы тарапынан «ҚазҰУ 80 жыл» медалімен марапатталды.

2019 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Б. Алтынсарин» төсбелгісінің иегері атанды.

Тарих факультеті, сондай-ақ Археология, этнология және музология кафедрасының ұжымы Ғани Қалиханұлы Омаровты 60 жылдық мерейтойымен құттықтайды! Оған зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс тілейді!